

## Халықаралық PISA-2018 негізгі зерттеуінің өткізілуі туралы

**PISA (Programme for International Student Assessment)** халықаралық зерттеуі барлық білім беру ұйымдарындағы 15 жастағы оқушылардың оқу сауаттылығын, математикалық сауаттылығын және жаратылыстану сауаттылығымен қатар, жаһандық құзыреттілігін анықтайды. Зерттеу оқушылардың оқу барысында меңгерген білімдері мен дағдыларын өмірлік жағдайларда қолдана білу ептіліктерін бағалауға арналған. Халықаралық **PISA-2018** негізгі зерттеуінің бағыты – оқу сауаттылығына басымдық берілді.

Халықаралық PISA-2018 негізгі зерттеуі 2018 жылдың 2 сәуір мен 12 мамыр күндері аралығында компьютерлік форматта өтті.

Облыс бойынша PISA - 2018 зерттеуіне **27 мектеп** (Байзақ ауданы Н.Киікбаев атындағы мектеп-гимназиясы, Н.Гоголь атындағы орта мектебі, М.Әуезов атындағы орта мектебі, Жамбыл ауданы Қ.Сартбаев атындағы орта мектебі, Б.Тайшапұлы атындағы орта мектебі, Жуалы ауданы, №29 орта мектебі, Ы.Алтынсарин атындағы орта мектебі, Абай атындағы орта мектебі, Қордай ауданы №9 орта мектебі, №33 негізгі мектебі, Меркі ауданы №20 Т.Рысқұлов атындағы орта мектебі, №44 Плодосовхоз орта мектебі, №7 орта мектебі, №28 Т.Рысқұлов атындағы орта мектебі, Т.Рысқұлов ауданы Б.Момышұлы атындағы орта мектебі, Т.Рысқұлов атындағы орта мектебі, Алғабас орта мектебі, Шу ауданы С.Сейфуллин атындағы орта мектебі, Е.Бекмаханов атындағы мектеп-гимназиясы, Тараз қаласы №5 мектеп-гимназиясы, №47 орта мектебі, №17 орта мектебі, №18 орта мектебі, №22 орта мектебі, №9 орта мектебі, №35 орта мектебі, №29 орта мектебі), **6 колледж** (Абай атындағы Жамбыл гуманитарлық колледжі, Жамбыл политехникалық колледжі, №12 колледжі, Тараз техника және бизнес колледжі, №11 Сарысу колледжі, №7 Бетқайнар колледжі) барлығы **33** білім мекемесінен **1084** білім алушылар қатысты. Оның ішінде: **849 оқушы** мектептерден, **235 білімгер** колледждерден қатысса, **748 білім алушы** қазақ тілінде, **336 білім алушы** орыс тілінде тест тапсырмаларын тапсырды.



